

Бәймен Алманұлы АЛМАНОВ (1889-1941)

Мемлекет және қоғам қайраткері, өткен ғасыр басындағы азамат соғысының белсенді қатысушысы. 1896 жылы Торғай облысы Ырғыз уезінің №2 ауылында малшы отбасында дүниеге келген. Ырғыз қаласындағы екі сыныпты орыс-қазақ ерлер училищесін (Ы.Алтынсарин ашқан) бітірген. 1916 жылы Ақтөбе қаласында мұғалімдер семинариясын тәмәмдады. 1916-1918 жылдары Аралтөбе ауылдық мектебінде және Қарабұтақ орыс-қазақ училищесінде мұғалім болып жұмыс істеді.

1918-1920 жылдары Азаматтық комитеттің хатшысы, «Жардем» кооперативтік қоғамының Басқарма төрағасы, Қарабұтақ ауылдық кеңес төрағасының орынбасары, РК (б)П Ырғыз уездік комитетінің және уездік ревкомның төрағасы. Кейін Ақтөбе майданында Қызыл партизан командирлерінің бірі болды, қызыл армия қатарында қызмет етті. 1920 жылы Қырғыз ОАК-ң хатшысы болды.

1920 жылдың қараша айынан бастап Түркістан АКСР ОАК жанындағы Қырғыз ОАК-ның өкілетті төрағасы қызметін атқарды. 1921 жылдың бастап Қырғыз ОАК Президиумының ұйымдастыру-әкімшілік хатшысы болып тағайындалды, Алманов бұл жұмысты педагогикалық қызметпен ұштастырды. 1922-1923 жылдары Адай ревкомының төрағасы болып жұмыс істеді. 1923-1924 жылдары Қырғыз ОАК-ң қазақтар мен түрікмендер арасындағы қақтығыстарды жою жөніндегі комиссия өкілі және Жетісу және Сырдария облыстарын ҚазАКСР құрамына қабылдау жөніндегі өкілетті комиссия мүшесі. Сонымен қатар, 1923-1925 жылдары бұл лауазымдарды «Кирторг» акционерлік қоғамы төрағасының орынбасары, содан кейін төраға (Орынбор қ.) жұмысымен ұштастырды. 1925-1927 жылдары «Қазақнан өнімі» акционерлік қоғамы басқарушысының орынбасары (Қызылорда қ.). 1927-1929 жылдары БК(б)П Алматы губкомының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болды. 1929-1930 жылдары-ҚазКРАЙКОМ БК(б)П нұсқаушысы қызметін атқарды.

1931-1934 жылдары Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының директоры, 1934-1937 жылдары Қазақ Ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институтының директоры, 1937 жылдың сәуір-тамыз аралығында Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының мәдениет жөніндегі төраға орынбасары, бір мезгілде Мәдениет секторының бастығы қызметін атқарды. 1937-1938 жылдары ҚазССР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы мемлекеттік қорықтар мен көне ескерткіштер Басқармасының бастығы болды. ҚырОАК Президиумының мүшесі 17 шілде 1938 жылы тұтқынға алынды. По приговору Особого совещания при СССР-дің НКВД жанындағы Арнаулы кеңестің шешімімен 1940 жылдың 19 қазанында 8 жыл мерзімге жазаға кесті. 1941 жылы (кейбір деректер бойынша 1943 жылы) жазасын өтеп жатқан лагерде дүниеден өтті. 1991 жылы 18 ақпанда ақталды.